

ӘОЖ 372.811.111.1

**ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПРОЦЕСТІК ТӘСІЛДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Төрөбай Гүлфайруз Шыныбекқызы

gul_super@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының

2 курс магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.М. Гауриева

Шет тілінде қарым-қатынас жасау үшін тиісті жағдай жасау қазіргі таңда ағылшын тілін оқытудың ең негізгі мақсатына айналды. Сонымен қатар, шет тілін нақты жағдайда қолдана білу, яғни әр түрлі коммуникативті жағдайларда дұрыс жауап беруге үйрету ағылшын тілін оқытудың құрамдас бөлігіне айналды. Г.В.Колшанскийдің пікірі бойынша «тілдің жекелеген элементтерін, мысалы, жеке сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдер мен жекелеген дыбыстар туралы білімді тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге жатқыза алмаймыз. Тілді білу нақты қарым-қатынасқа қатысу қабілеті тұрғысынан қарастырылуы керек» [1,13]. Сөйлеу – белгілі бір ортадағы және уақыттағы интерактивті қарым-қатынас тәсілдерінің бірі, шет тілінде сөйлейтін адам ешқандай жоспарлаусыз тез әрі нақты ойын жеткізе алатындай дәрежеге жету қажет.

Шет тілдерін оқыту әдістемесінде сөйлеу дағдысын қалыптастыру мен оны дамытуға көп көңіл бөлінеді. Сөйлеу нәтижелі процесс ретінде оқушылардан уақыт пен күш талап етеді, себебі сөйлеу дағдыларына тілдік, қарым-қатынас құзиреттіліктері де жатады. Коммуникацияның маңызды түрі ретінде сөйлеу дағдысы әрбір іс-әрекеттің ажырамас бөлігі болу қажет.

Сөйлеу дағдылары тілдік процеске тікелей байланысты. Кез келген әрекет секілді сөйлеу процесі де бірнеше кезеңдерден тұрады, ал кезеңдер жеке амалдардан құралады. М.Арипованың пікіріне сүйенсек, сөйлеу әрекетінің төрт кезеңін бөліп қарастыруға болады: 1. Бағдарлау 2. Бағдарлама бойынша жоспар құру 3. Жоспардың орындалуы 4. Бақылау [2]. Ал, Е.С.Пассовтың айтуы бойынша «сөйлеу дағдысы» ұғымы «сөйлеу шеберлігі» және «сөйлеу қабілеті» секілді ұғымдармен түсіндіріледі. Сөйлеу әрекеті тілді саналы түрде білумен, грамматика ережелерін дұрыс қолданумен, осы әрекеттерді жалпылап, жүйеде қабылдау арқылы анықталады [3,9].

Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында олардың тіл үйренуге деген ынтасы мен қызығушылықтарын арттыратын жаңа әдіс-тәсілдер керек екендігі байқалады. Процестік тәсіл сөйлеу дағдыларын дамытудағы тиімді тәсілдердің бірі деп санаймыз. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша процестік тәсіл оқушыларға жаңа идеялар беру мен өзіндік түсініктерін қалыптастыруға көмектеседі. Кез келген іс-әрекетті алып қарастыратын болсақ, барлығы белгілі кезеңдерден тұрады. Сөйлеу дағдыларды дамыту да сол секілді өзіндік кезеңдер арқылы жүзеге асырылады. Біз осы саладағы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту процесін 4 кезеңге бөлдік:

Оқушылартердің ағылшын тілінде сөйлеу деңгейлерін анықтау
Тілдік қарым-қатынас жағдайын қалыптастыру
Сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар кешенін жасау
Сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығуларды сабақта тиімді қолдану

Кесте 1. Сөйлеу дағдыларын дамыту процесінің кезеңдері

Сөйлеу дағдыларын дамыту кезеңдеріне қойылған мақсаттарға жету оқытушының кәсіби шеберлігі мен сабақта қолданылатын әдістеріне байланысты. Біз төрт кезеңде де белсенді оқыту әдістерін қолдандық. Себебі, дәстүрлі әдістермен салыстырғанда коммуникативті әдіс-тәсілдердің бұл түрі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сабақта белсенді болуға баулиды. Белсенді әдістерді қолданып сабақ жүргізу оқушылардың ойлау және тәжірибе жүзінде алған білімдер мен біліктерді меңгеруге бағытталады. Бұл әдістердің ерекшелігі олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Бұл әдіс жаңа алған білімді осыған дейін оқыған біліммен байланыстырады, өз-өзін тексеріп, қателіктермен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Оқушылар өз тәжірибесінің негізінде, эксперимент жасай отырып, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастырады. Біз

тәжірибеміз барысында белсенді әдістердің тиімді түрлерін пайдалана отырып, осы әдістің дәстүрлі әдіс-тәсілдерден бірнеше айырмашылықтарын анықтадық. Ол 2-кестеде көрсетілген:

Дәстүрлі әдістер	Белсенді оқыту әдістері
Оқыту ана тілін қолдану арқылы жүргізіледі	Ана тілін минимум дәрежеде қолданады
Жоғары мотивация мен сабаққа деген қызығушылықтың төмен болуы	Оқушылардың сабақта белсенді болып, қызығушылығының артуы
Аудитория алдында сөйлеуге кедергілердің болуы	Көпшіліктің алдында еркін сөйлеуге үйреніп, кедергілердің жойылуы
«Сұрақ-жауап» әдісінің көп қолданылуы	Топтық жұмыстар (рөлдік ойындар, диалогтар, пікірталастар) арқылы, басқа қатысушылармен қарым-қатынас жасау арқылы сөйлеу дағдыларының дамуы
Оқу процесі үй тапсырмасын берумен шектеледі	Өздігінен білім алу арқылы оқу процесі айтарлықтай өседі.

2-кесте. Дәстүрлі әдіс пен белсенді оқыту әдістерінің айырмашылығы

Ағылшын тілі сабағында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру процесінің төрт кезеңінде де біз тиімді белсенді оқыту әдістерін қолдандық. **1-кезеңде** оқушылартердің ағылшын тілінде сөйлеу деңгейлерін анықтау үшін қолданылған әдістер:

➤ **Images: what's happening?** Оқушыларға белгілі бір оқиға орын алып жатқан сурет көрсетіледі. Оқушылар суретте не болып жатқандығын анықтап, ауызша сипаттап берулері тиіс.

➤ **Name that tune – how does the music link to topic?** Бұл әдіс оқушылар арасында өте танымал. Себебі, бұл әдіс тек сөйлеу қабілеттері ғана емес, тыңдау қабілеттерінің де дамуына көмектеседі. Оқушыларға ағылшын тіліндегі әндерден үзінді тыңдатылады. Оқушылар әнді тыңдап болған соң, өзара ағылшын тілінде талқылау жүргізіп, әннің ішінде кездескен қай сөздер бүгінгі сабақ тақырыбымен байланысты және қалай байланысатындығын айтып берулері қажет.

➤ **What's the difference?** Оқушыларға екі қағаздағы суреттер көрсетіледі. Олардың міндеттері екеуінің арасындағы айырмашылықты тауып, аргументтер келтіру арқылы дәлелдеу.

2-кезең тілдік қарым-қатынас жағдайын қалыптастыру кезеңіндегі басты міндетті мұғалім атқарады. Сабақта мұғалім өзі кәсіби түрде ағылшынша сөйлеп, қолданылып отырған материалдар аутентті болған жағдайда әрі видео үзінділер көрсе оқушылар өздерін ағылшын тілдік ортада отырғандай сезініп, сабаққа белсенді қатысады.

3 және 4 – кезеңдерге арналған, яғни сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар:

✓ **Socratic talk.** Оқушылар екі шеңбер болып отырады, бір шеңбердің ішіне екінші топ шеңбер жасап отырулары қажет. Ішкі шеңбердегі топ оқушыларына сабаққа қатысты сұрақтар немесе анықтамалар беріледі. Олар өзара ағылшын тілінде талқылау жасаулары қажет. Сыртқы шеңберде отырған топ оқушылары ішкі шеңбердің талқылауларын тыңдап, ескертпелер жазып отырулары қажет. Содан кейін, сыртқы топ өз тұжырымдамаларын ішкі шеңбер тобына айтып береді. Ішкі топ оқушылары ақпаратты толықтырады.

✓ **ACDC.** Мұғалім белгілі бір тақырыпты оқушыларға ұсынады. Тақырыпты ашуға бес минут беріледі. Уақыт аяқталғанда бір оқушы өз пікірін білдіреді. Қалған оқушылар ADD, COMMENT, DEVELOP, CHALLENGE сөздерінің бірін тандап, сол бойынша бірінші пікірді жалғастырулары қажет. Барлық оқушылар өз ойларын айтып болғанда, ортақ шешімге келулері қажет.

✓ **Connected learning.** Бірінші оқушы берілген тақырып бойынша өз ойын бір сөйлеммен жеткізеді. Екінші оқушы екі сөйлеммен, келесі үш сөйлеммен, соңғы оқушы тақырып бойынша толық мәлімет беруі қажет. Бұл белсенді оқыту әдісі сабақта барлық оқушыларды сөйлетіп, өз ойларын айтуға көмектеседі. Егер соңғы оқушы жиырмасыншы болса, бірақ ол жиырма сөйлем айта алмайтындай жағдайда, тақырып туралы толық мәлімет берсе жеткілікті.

✓ **Role play games.** Белсенді оқытудың бұл әдісі ең қызықты әрі оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытудың ең тиімді әдісі болып саналады. Оқытушы тақырыпқа сай ертегі немесе диалогтік әңгімелер алып келеді. Ертегідегі кейіпкерлерді оқушылар өзара бөлісіп, қысқа сахналық қойылым қояды. Рөлдік ойындар арқылы тек тіл үйреніп қана қоймай, оқушылар ұялшақтықтан арылып, өзін еркін ұстауға, көпшілік алдында сөйлеуге үйренеді.

Қорытындылай келе, оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруды процесс ретінде қарастырып, кезеңдерге бөліп жұмыс жасау оқушылар үшін өте тиімді болып табылады. Әр кезеңдегі іс-әрекеттер мақсаттарына қарай мұғалім белсенді оқыту әдістерін тиімді, оқушылардың деңгейлеріне сай пайдалана білсе қорытынды нәтижеде жақсы көрсеткіштер көрінеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Колшанский, Г. В. Лингвокоммуникативные аспекты речевого общения [Текст] / Г. В. Колшанский // Иностранные языки в школе. 1985, № 1. – С. 10–14.
2. М. Арипова, М. Ахмедова // Та'limnuammolari. 2013, No. 1. – С. 38.
3. Пассов, Е. И. Основы коммуникативной методики / О. Г. Стародубцева. – М.: Русский язык, 1989. – С. 239.